

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Достық үйі - Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тарату және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Достық үйі - Этносаралық қатынастар орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 403 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1081 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1081 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Достық үйі – Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) таратылсын.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Достық үйі – Этносаралық қатынастар орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) құрылсын.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
 - 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, таратылатын кәсіпорын кредиторларының талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті мекемеге беруді қамтамасыз етсін;
 - 3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.
4. Мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асыратыны белгіленсін.
5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
6. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Достық үйі – Этносаралық қатынастар проблемаларын зерттеу орталығы» шаруашылық

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 1313 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 50, 544-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 29 сәуірдегі
№ 403 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.**
3. «Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 214-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген жалпымемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде: «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі» деген бөлімдегі 25-тармақ алынып тасталсын.
4. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында :
көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:
1 - б ө л і м д е :

мына:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1153
----	---	------

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	984
---	-----

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1190,5
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	1021,5

»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

	Достық үйі - Этносаралық қатынастар орталығы	37,5
--	--	------

».